

Қостанай облысының су объектілерінде ортақ су пайдаланудың қағидаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2013 жылғы 1 наурыздағы № 118 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 сәуірде № 4090 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 468 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 11.12.2015 № 468 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысының су объектілерінде ортақ суды пайдаланудың қағидалары белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Сергеев

Қ о с т а н а й о б л ы с т ы қ

мәслихатының хатшысы

С. Ещанов

КЕЛІСІЛГЕН:

*"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Балық шаруашылығы комитеті
Тобыл-Торғай облысаралық
б а с с е й н д і к б а л ы қ
шаруашылығы инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің
(М М) б а с т ы ғ ы*

_____ *Н. А. Сәрсенов*

*"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман және аңшылық шаруашылығы
комитетінің Қостанай облыстық*

орман және аңшылық шаруашылығы
аумақтық инспекциясы" бастығы

_____ М. А. Бегімбетов

"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды
реттеу және қорғау
жөніндегі Тобыл-Торғай
бассейндік инспекциясы"
М М б а с т ы ғ ы

_____ Г.К. Оспанбекова

"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
министрлігі Мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау комитетінің
Қостанай облысы бойынша
департаменті" ММ директоры

_____ Б. М. Кенжебаев

"Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігі Қостанай
облысының төтенше
жағдайлар департаменті"
М М б а с т ы ғ ы н ы ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы

_____ Н.Н. Мұхамбетов

"Қостанай облысы
әкімдігінің табиғи
ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу
басқармасы" ММ бастығының
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы

_____ С.Қ. Қалиев

М ә с л и х а т т ы ң

2013 жылғы 1 наурыздағы

№ 118 ш е ш і м і н е

қосымша

Қостанай облысының су объектілерінде ортақ су пайдаланудың қағидалары

Осы Ортақ су пайдаланудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабының 1) тармақшасына, 65-бабына және "Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1215 қаулысына сәйкес әзірленді.

1. М ы н а д а й :

- 1) техникалық құралдарды қолданбай жер үсті көздерінен су алу кезінде;
- 2) ықтимал сел қаупі бар су объектілерін қоспағанда, рекреациялық мақсаттарда, жаппай демалу, туризм және спорт мақсаттарында;
- 3) кеме қатынасы және шағын кемелерді пайдалану үшін;
- 4) мал суару үшін су объектілерін пайдалану ортақ су пайдалануға жатады.

Ортақ су пайдалану ортақ су пайдаланылатын су объектілерінде де, ортақ пайдалануға жатпайтын су объектілерінде де жүзеге асырылады және арнайы рұқсат болуын талап етпейді.

2. Осы Қағидалар меншік нысанына қарамастан, барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

3. Экологиялық, техникалық және халықтың санитариялық – эпидемиологиялық қауіпсіздігі мақсатында, өңірлік жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, Қостанай облысының су объектілерінде:

ескерту және тыйым салу белгілері орнатылған жерлерде шомылуға; халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті орган тыйым салған орындарда жер үсті және жер асты су объектілерінен ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге су алуға;

ортақ су пайдалану тәртібімен су объектілерінің ластануын және қоқыстануын болғызбайтын суат алаңдарының және тағы басқа құрылғылар болмаған кезінде және ауыз сумен жабдықтау көздерін санитариялық қорғау аймақтарында малды суаруға тыйым салынады. Басқа жағдайларда жергілікті атқарушы органдар суат алаңдарын жайластыру бойынша іс-шаралар жүргізеді.

Шағын көлемді кемелерде және басқа да жүзіп жүретін құралдарда жүруге тыйым салынған орындар "Шағын өлшемді кемелерді және олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 шілдедегі № 798 қаулысына сәйкес белгіленеді.

4. Жануарлар дүниесін қорғау, өсіру және пайдалану саласындағы уәкілетті органмен бекітілген халықаралық және республикалық маңызы бар

сулы-батпақты жерлердің тізбесіне кіретін су объектілерінде және ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени маңызы бар қоршаған ортаны қорғау объектілерінің тізбесіне енгізілген су объектілерінде, оның ішінде: Бозшакөл көлінде (Сарыкөл ауданы), Құсмұрын көлінде (Алтынсарин, Әуликөл аудандары), Теңіз-Қарақамыс көлдерінің жүйесінде (Ұзынкөл ауданы), Қойбағар-Тымтәуір көлдерінің жүйесінде (Қарасу ауданы), Қулыкөл-Талдыкөл көлдерінің жүйесінде (Қамысты ауданы), Тымтәуір көлінде (Қарасу ауданы), Шошқалы көлінде (Ұзынкөл ауданы), Жарман көлінде (Ұзынкөл ауданы), Теңіз көлінде (Мендіқара ауданы) суда жүзетін құстардың жаппай ұялау орындарында және балықтардың уылдырықтау, олардың өрбу кезіндегі қозғалтқыштары қосылған катерлерде, моторлық қайықтарда және басқа да жүзіп жүретін құралдарда жүзу бөлігіндегі ортақ су пайдалану құқығын шектеу белгіленсін.

Балық ресурстарының және басқа су жануарларының өрбіту және уылдырықтау кезеңінде балық аулауға ортақ су пайдалану құқығын шектеу " Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 303 қаулысына сәйкес белгіленеді.

5. Елдің қорғанысын және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұрғындардың денсаулығын, қоршаған табиғи ортаны және тарихи-мәдени мұра, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа тұлғалардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында жеке су нысандарын немесе олардың бөліктерін пайдалану шектелуі, тоқтатылуы немесе тыйым салынуы мүмкін.

6. Ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеу үшін оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы облыстық мәслихатқа ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеудің қажеттігі негізделген ұсыныс енгізеді.

Ескерту. 6-тармағы жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 28.06.2013 № 162 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеу негізсіз болған жағдайда, облыстық мәслихат ұсынылған ортақ су пайдалану шарттарынан немесе тыйым салудан бас тарту себептерін негіздей отырып, су пайдаланушыны жазбаша хабардар етеді.

Ескерту. 7-тармағы жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 28.06.2013 № 162 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Шомылуға тыйым салу және ортақ су пайдалануды жүзеге асыруды басқа шарттары туралы халықты облыстың жергілікті өкілді органдары бұқаралық

ақпарат құралдары арқылы, арнайы ақпараттық белгілермен хабардар етеді.

9. Бекітілмеген су объектілерінде осы Қағидаларды бұзғаны үшін айыппұл мөлшері туралы ескертулер бар тыйым салатын белгілер мен плакаттар орнатуды жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді.

10. Кеме қатынасы қауіпсіздігі, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, жүктердің сақталуы мақсатында жүзеге асырылатын кемелер қозғалысын шектеу немесе оларға тыйым салу Қазақстан Республикасының "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі және "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы заңдарымен регламенттеледі.